

Жаужүректі Бәубек батыр

Тегі-Орта жүз Қыпшақ-Торы(Торайғыр)-Шашты(Кенжегүл)-Шағыр аталығынан. Ұраны Ойбас. Таңбасы қос әліп.

Бәубек батыр қазіргі Қызылорда облысы, Шиелі ауданы жерінде өмір сүрген. Батырдың бейіті белгісіз.

Баубек батыр – датқа болған кісі. Бұл кісі Қоқан, Хиуа хандықтарының басқыншылығына қарсы шыққан Сыр бойының белгілі батырларының бірі.

Баубек батыр жөнінде Сыр бойының белгілі ақыны Мәнсүр Бекежанов (1875-1933), 1912 жылы Иманжүсіпке жазған хатында:

«Үшінші, Баубек датқа болып еді,

Белгілі Қыпшақтағы орын еді

Ақыл, қайрат үстіне бақ пен дәулет,

Айрықша бір басына қонып еді», - деп жырына қосқан.

Қоқан басшылығы кезінде Түркістан бегі Ақмешітте қыпшақтардың батырларымен кеңес өткізеді. Бұған қыпшақтың Шашты руынан, оның ішіндегі Шағыр атасынан Жаназар, Баубек, Баспақ деген батырлар қатысады. Орыс әскеріне қарсы тұруға даярлық жасау керек деген пәтуа болды.

Баубек батырдың ұрпақтары туралы мәлімет жоқ.

Баубек батырдың әскери құрал-сайманы, ер-тұрманы, ұстанған заттары мұра болып қалғаны жөнінде дерек жоқ.

Бақытжан Ахметбек, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті «Қорқыттану және өлке тарихы» ғылыми-зерттеу институтының ғылыми қызметкері

Пайдаланған әдебиеттер мен дереккөздер

1. Бақытжан Ахметбектің дерек қорынан; Ж. Бейсенбайұлы. Қазақ шежіресі. – Алматы: Ана тілі, 1994;
2. М. Аяпұлы. Н. Қасымұлы. Ата мекен (Шиелі өңірінің шежіресі). – Алматы, Атамұра, 1998;
3. Бес ғасыр жырлайды Мәнсүр Бекежанов шығармасы «Иманжүсіпке хат» 2 том. – Алматы: Жазушы, 1989;
4. Ш. Әшімұлы. Сыр ғұламалары. Діни тарихи аңыздар. – Шымкент, 2002.